

«Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы»
Заңды тұлғалар бірлестігі
2021 ж. «07» қазан
Құрылтай жиналысында бекітілді,
№ 5 хаттама

БЕКІТІЛДІ:
«Qazaq Green» ЖЭК қауымдастығы»
заңды тұлғалар бірлестігінің
2021 ж. «07» қазандағы құрылтай
жиналысымен
хаттама № 5

**«QAZAQ GREEN» ЖЭК ҚАУЫМДАСТЫҒЫ»
Заңды тұлғалар бірлестігі
Жарналар төлеу туралы ереже**

Нұр-Сұлтан қ.

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Qazaq Green» ЖЭЖ қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің (бұдан әрі – Қауымдастық) Жарғысына сәйкес әзірленді және құрылтайшылардың кіру жарналарын, жыл сайынғы мүшелік жарналарды, мақсатты және ерікті қайырымдылықтар төлеу тәртібін айқындайды.

1.2. Тұрақты және бірреттік жарналар (кіру, мүшелік және мақсатты), ерікті ақшалай және мүліктің жарналар мен қайырмалдықтар мүлікті қалыптастырудың және Қауымдастықты құру мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған оның жарғылық қызметін қамтамасыз етудің негізгі көздері болып табылады.

1.3. Қауымдастық Жарғысының 5.4 тармағына сәйкес құрылтайшылардың кіру жарналарын және жыл сайынғы мүшелік жарналарды белгіленген мөлшерде уақытылы төлеу міндетті шарт болып табылады.

1.4. Құрылтайшылардың кіру жарналарын және жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеу тәртібі мен мөлшерін Қауымдастық құрылтайшыларының жалпы жиналысы белгілейді.

1.5. Жарналар ақшалай, бағалы қағаздармен, басқа да мүліктік және мүліктік емес құқықтармен не ақшалай бағасы бар басқа да құқықтармен төленуі мүмкін. Енгізілетін мүліктің құны Қауымдастыққа мүшелікке кандидат пен Қауымдастық құрылтайшыларының Жалпы жиналысы арасындағы келісім бойынша бағаланады.

1.6. Қауымдастықтан шыққан немесе шығарылған жағдайда кіру, мүшелік және мақсатты, сондай-ақ ерікті жарналар мен қайырымдылықтар қайтарылуға жатпайды.

1.7. Тұрақты және бірреттік жарналарды (кіру, мүшелік және мақсатты) жарналарды төлеу үшін Қауымдастық шығаратын шоттар (хабарламалар) негіз болып табылады.

1.8. Жарналарды қабылдауды, есепке алуды және оларды пайдалану туралы есепті ұйымдастыру Қауымдастық Басқармасына жүктеледі.

1.9. Мүшелік жарналарды төлеуден жалтарған (алты айдан астам уақыт төлемеген) кезде Қауымдастықтың бұл мүшесін Қауымдастықтан шығару туралы шешім қабылдануы мүмкін.

1.10. Жарналарды алудан түскен қаражаттар Қауымдастық жарғысында көзделген мақсаттар мен міндеттерге сәйкес жұмсалады.

2. ЖАРНА ТҮРЛЕРІ

2.1. Қауымдастық келесі жарна түрлерін белгілейді:

- қауымдастық құрылтайшыларының кіру жарнасы;
- жыл сайынғы мүшелік жарна;
- мақсатты жарналар;
- ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар.

2.2. Кіру жарна

2.2.1. Қауымдастыққа жаңадан қосылған барлық құрылтайшылар Қауымдастықтан оны төлеу қажеттілігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 15 (он бес) күн ішінде Қауымдастық бюджетіне кіру жарнасын төлеуге міндетті. Құрылтайшылардың кіру жарнасының мөлшерін Қауымдастық құрылтайшыларының жалпы жиналысы жыл сайын белгілейді. Бұл ретте Бірлестік құрылтайшыларының жалпы жиналысы сол немесе басқа құрылтайшыны өз қалауы бойынша кіру жарнасын төлеуден босатуға немесе белгілі бір құрылтайшының кіру жарнасының мөлшерін жеке анықтауға құқылы.

2.3 Жыл сайынғы мүшелік жарна.

2.3.1. Қауымдастықтың әрбір мүшесі жыл сайынғы мүшелік жарнаны төлеуге міндетті. Жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеу бойынша міндет Қауымдастыққа мүшелікке қабылданған кезден бастап туындайды.

2.3.2. Жыл сайынғы мүшелік жарна мөлшерін Қауымдастық құрылтайшыларының Жалпы жиналысы айқындайды.

2.3.3. Қауымдастықтың жаңадан кірген мүшесі жыл сайынғы мүшелік жарналарды Қауымдастықта болған уақытына пропорционалды түрде төлейді. Бұл ретте айдың күнтізбелік 15 күнінен асатын мерзім ретінде есептеледі.

2.3.4. Жыл сайынғы мүшелік жарналарды Қауымдастық мүшелері ағымдағы жылдың бірінші тоқсанының аяғына дейін, тоқсан сайын – ағымдағы тоқсанның бірінші айының соңына дейін, ай сайын – ағымдағы айдың аяғына дейін бір рет толық көлемде төлейді.

2.3.5. Жыл сайынғы мүшелік жарнаны еш себептерін түсіндірмей екінші тоқсанның аяғына дейін төлемеген Қауымдастық мүшелері Қауымдастық мүшелігінен шығарылуы мүмкін.

2.3.6. Ерекше жағдайларда Қауымдастықтың жекелеген мүшелері үшін жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеу мерзімдері өзгертілуі мүмкін. Төлеу мерзімдерін өзгерту туралы шешімді Қауымдастықтың Директорлар кеңесі құрылтайшылардың Жалпы жиналысының бекітуімен Қауымдастықтың Басқарма төрағасының атына жазылған оның жазбаша өтініші негізінде Қауымдастықтың әрбір мүшесі бойынша дербес қабылдайды.

2.3.7. Қауымдастық жұмысына тұрақты мүше ретінде қатысуға ниет білдірген оқу орындары, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің және басқа да шағын кәсіпкерлік ұйымдарының өкілдері Қауымдастықтың құрылтайшыларының жиналысында бекітілген жылдық мүшелік жарнаның 10% мөлшерінде мүшелік жарна төлейді.

2.4. Мақсатты жарналар.

2.4.1. Нақты бағдарламалар мен іс-шараларды қаржыландыру үшін мақсатты жарналар белгіленуі мүмкін.

2.4.2. Мақсатты жарналарды төлеу мөлшері мен тәртібі Қауымдастық құрылтайшыларының Жалпы жиналысының шешімімен белгіленеді.

2.5. Ерікті мүліктік жарналар мен қайырмалдықтар.

2.5.1. Қауымдастық мүшелері Қауымдастыққа ерікті жарна немесе қайырмалдық енгізуге құқылы.

2.5.2. Қауымдастыққа ерікті жарна немесе қайырмалдық енгізу туралы шешім қабылдаған Қауымдастық мүшесі бұл туралы Қауымдастыққа ерікті жарна немесе қайырмалдық сомасын және оны енгізу мерзімін көрсете отырып Қауымдастықтың Басқарма төрағасының атына тиісті хабарлама жолдау арқылы хабарлайды.

2.5.3. Ерікті жарналар мен қайырмалдықтар мүлікті сипатқа ие болуы мүмкін.

2.5.4. Ерікті жарналар мен қайырмалдықтарды Қауымдастық берілетін мүліктің мақсатына сәйкес жарғылық мақсаттарға пайдаланады.

2.6. Жыл сайынғы мүшелік жарналарды төлеуден босату құқығы. Қауымдастықтың аккредиттелген байқаушылары жыл сайынғы жарналарды төлеуден босатуға құқылы.

3. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1. Қауымдастық мүшелерінің мүшелік жарналарды уақтылы төлеуін бақылауды Қауымдастық Басқармасы жүзеге асырады.

3.2. Кіру және мүшелік жарналарды төлеу ведомостары және ақшаларды қаржылық-кредиттік мекемелер арқылы аудару туралы құжаттар Қауымдастықтың бухгалтериясында қатаң есептілік құжаттары ретінде қолданыстағы бухгалтерлік есепке алу қағидаларында белгіленген мерзім ішінде сақталады.

3.3. Мүшелік жарналарды төлеудің, оларды есепке алу және тиісінше жұмсалуды тексеруді Қауымдастықтың Тексеру комиссиясы жүргізеді.

3.4. Жыл сайынғы жарналардың түсу қорытындылары Қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысында қаралады.